

ЦИКЛОГРАММА

І-апта (02.11.2020-06.11.2020 ж.)

Органғы «Қошакан» тобы

Өтпелі тақырып: «Дені саудың жаны сау»

Тақырыпша: Өзім туралы

Тәрбиеші: М.М.Махмұт

Бекітемін:

Оқу-ісі жөніндегі орынбасары: А.Ж.Аманшеева



| Күн тәртібі | Дүйсенбі 02.11.2020ж | Сейсенбі 03.11.2020ж | Сәрсенбі 04.11.2020ж | Бейсенбі 05.11.2020ж | Жұма 06.11.2020ж |
|---|--|--|---|---|---------------------|
| Балаларды қабылдау (Ата –аналармен әнгімелесу) Ойындар (үстел үсті, саусак т.б. | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Өзім туралы туралы жеке әнгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. | | | | |
| «Сәлем сөздің атасы!» Әдептілік туралы әнгімелеу. | « Ұқсасын тап » Мақсаты: Балаларды заттың түстері мен пішіндерін ажырата білуге үйрету. Саусак моторикасы арқылы акыл ойын дамыту. Жана жыл мерекесін еске түсіріп, есте сақтау қабілетін қалыптастыру. Балаларды сүйіспеншілікке, қайырымдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | Ойын: «Не жетіспейді?» Мақсаты: көзбен қабылдау және ойлау қабілетін дамыту. Психолог балаларға бірнеше заттардың суреті бар бетшелерді ұсынады. Суретті мұқият қарап, әр заттың жетіспейтін бөлшегін табуын сұрайды. | «Мен құрбыларымды жақсы көремін» Балалардың шеңбер құрады. Балалардың ішінен біреуі «Мен сені жақсы көремін» (көршісінің атын айтады) дейді және қатар отырғанның қолын қысады. Жақсы көруді қабылдаушы оған күлкімен жауап береді және соны көрші балаға қайталайды. Осы айналым аяқталғаннан кейін мұғалім балаларға өзіміздің жақсы ниетімізді басқаға білдіргенде, оның сөзсіз өзімізге қайтып оралатынын түсіндіреді. | «Менін бос уақытым» Демалыс күндері өздері туралы әнгімелесу | |
| Танертенгі дене шынықтыру | Танертенгі жаттығулар кешені №1 Құралсыз 5-6мин Мақсаты: Балалардың дене дамуын шынықтыру. | | | | |

Ойын-жаттығу
Еркін ұста дененді,
Тарсылдатпай еденді
Орнымыздан тұрып ап
Жүгірейік бір уак.
Бір, екі, үш, бір, екі, үш.
Аяқты алға созайық
Тік көтеріп, қозғайық.
Тым сылбыр да болмайық.
Алға қарай озбайық.
Бір, екі, үш, бір, екі, үш.

Ойындар,
ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық

| | | | | | |
|---|--|---|---|---|---|
| Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар | <p>«Өз үйінді тап» Мақсаты: Барлық балаларға әдемі ойыншықтар таратып беріп серуенге шығып, түрлі қозғалыста қыймылдар жасайды</p> | <p>«Киім дүкені» Мақсаты: Ойын барысында рөлдерді ойнай білуге үйрету. Сатушы әртүрлі киімдер түрлері туралы әңгімелейді.</p> | <p>«Достық көмек» ойынны Мақсаты: ойын барысында балалар достық көмек жасаудың мәнін тереңіре түсініп, бір-біріне көмектесуге арқашан әзір болуға тәрбиеленеді.</p> | <p>«Мен қандаймын?» ойынны Балалар шеңбер құрып тұрады. Ортаға бір орындық қойылады. Әркім кезекпен орындыққа отырады. Қалған ойыншылар «Ол қандай?» деген сұраққа жауап беру үшін отырған ойыншының бойындағы жақсы қасиеттерін тізбекпен айттып береді.</p> | <p>«Өз есімінді ерекше ата» Мақсаты: Әр бала өз есімін атаған кезде өзінің ерекше бір қимылын жасайды. Сонда барлық бала ортаға бір адам аттап, жанағы баланың есімін айттып, қимылын қайталайды. Ойын барлық баланың есімін атағанша жалғаса береді.</p> |
| Ұйымдастырылған | <u>Жаратылыстану.</u> | <u>Сөйлеуді дамыту.</u> | Математика негіздері. | <u>Сурет салу.</u> | <u>Құрастыру</u> |

| Оқу қызметтері (Үзілісті қосқандағы жалпы ұзақтығы. | Тақырыбы: «Жел» Максаты: табиғат құбылыстарының бірі – жел туралы түсінік қалыптастыру. Мүсіндеу. Тақырыбы: «Қуыршақ тар» Максаты: Балаларды ойыншықтар әлемімен таныстыруды жалғастыру, жұмбақ жасыра отырып, қуыршақтың ерешелігіне көңіл бөліп, құрастыру жолдарын үйрету Музыка. Тақырыбы: «Күн мен жаңбыр» Максаты: Ойын арқылы көңілді, көңілсіз әуендерді тыңдау, сезінуге баулу | Тақырыбы: «Бізге қуыршақтар келді» Максаты: Сөйлем құрастыра білуге, сұраққа дұрыс жауап бере білуге үйретуді жалғастыру. Камкорлыққа баулу, мейірімділікке тәрбиелеу. Дене шынықтыру. Тақырыбы: Цирктегі жануарлар Максаты: Музыкаға сәйкес өздігінен кимылдар орындау қабілеттерін қалыптастыру бұлшықеттер мен қол-аяқтың үйлесімді қимылын дамыту | Тақырыбы: Тәулік бөліктері Максаты: Балаларды «ұзақтық» (уақыт) терминімен таныстыру. Уақытты бағдарлай білуді дамыту. Уақыт туралы түсініктерін қалыптастыру. Музыка. Тақырыбы: «Күзгі қойма» Максаты: Қуыршақ арқылы балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу, музыкалық қабілетін дамыту. | Тақырыбы: «Әдемі көйлек» Максаты: Көйлек үлгісін ашекейлейге үйрету. Саусақпен сурет салу дағдысын арттыру Дене шынықтыру. Тақырыбы: Цирктегі жануарлар Максаты: Музыкаға сәйкес өздігінен кимылдар орындау қабілеттерін қалыптастыру бұлшықеттер мен қол-аяқтың үйлесімді қимылын дамыту | Тақырыбы: «Қақта» Максаты: Балаларды тар және кен ұғымдарымен таныстыру, құрылыс материалдарымен жұмыс жасай білуге, олардың түсін, пішінін, көлемін, ажырата алтуға және құрылыс материалдарын кенестікте дұрыс орналастыра білуге дағдыландыру, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. Дене шынықтыру. Тақырыбы: Аквариумдегі балықтар. Максаты: табиғат құбылыстарының бірі – жел туралы түсінік қалыптастыру. |
|--|--|--|--|---|--|
| Серуенге дайындық. | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олықтықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын тандау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. | | | | |

| | | | | | |
|----------------------|---|--|---|--|--|
| | <p>№40. Құстарды бақылау (қараторғай, кара қарға, қаратамақ, қаз, үйректің ұшып кетуі) Бақылау Балалар бойында құстардың күз айында өмір сүру мәндерін өзгертетіні туралы ой қалыптастыру, ауа-райындағы өзгерістермен байланыстыру, балаларды өсімдіктер мен құстардың тіршілік ету әрекетіндегі өзгерістерді бақылауға үйрету, жәндіктердің болмауы, олар қоректенетін құстардың ұшып кетуі жайында әңгімелеу, балалар бойында құстарды өз камкорлығына алу жайлы түсінік қалыптастыру.</p> | <p>№41. Торғай, сауысқан, бозторғай, сары шымшықтардың үйлерге келіп қонуын бақылау Бақылау Салқын біліне бастағанда құстар үйлерді паналайды. Олар адамдарға қор іздеп келеді. Құстың сыртқы түрі мен оның қоректенуіне, қозғалыстары мен өмір сүру қарекетіне көңіл аудару. Балалар бойында құстарға деген, сондай-ақ достарына, табиғатқа деген қамқорлық қасиеттерін ояту. «Аққулар мен қаздар» Балалардың тірек-қимылы әрекеттері мен сөйлеу қабілеттерін дамыту. Еңбектену әрекеті Құстарға арналған азық дайындау Балалармен бірге құстарға азық жинау (шұңқыр түбі, орындар). Азықтарды нығыздап байлау, жүктелген жұмысқа жауапкершілікпен қарау.</p> | <p>№42. Ағаштарды бақылау (қайың, үйенкі, терек, шырша, шеген ағашы, қарағаш) Бақылау Балаларға аулада өсіп тұрған ағаштарды айыра білге үйрету. Күз айында ағаштардың қандай өзгерістерге ұшырайтынын баяндау. Себебін сұрау? Жапырақты және қылқанды ағаштар туралы түсіндіру. Балаларға ағаштарды күтуге, олардан табиғат сұлулығының көркін сезінуге тәрбиелеу.</p> | <p>№43. Тағ ағаштарды бақылау (жұпаргүл, мойыл, итмұрын, шеген ағашы) Бақылау Түрлі тағ ағаштарын және олардың атауларын ажырата білуге үйрету. Олардың бұтақтарының түстеріне көңіл аудару, мысалға жұпаргүл күз айында да өз бояуын жоғалтпайды. Шеген ағашы мен итмұрынның жемісін қарау. Оның әсіресе қыс айында өте пайдалы екенін жете айту, оның бойында дәрумендер көп. Сырттай бақылап қана емес, сондай-ақ табиғат көрінісін де тамашалау.</p> | <p>№44. Шөптерді бақылау (қалақай, қымыздық, жұмыршақ, алау, бетеге) Бақылау Балаларға салқын түскен соң шөптердің солатынын түсіндіру; біржылдық өсімдіктердің сабақтары мен түбірлері қурап қалады, тек келесі жылға ұрықтандыратын тұқымы қалады. Көпжылдық өсімдіктер жер бетінде қурайды, өмірлері жер астында сақталады, түбірінде, түйнектерінде, бастарында. Өсімдіктердің құрылыстары туралы білімдерін бекіту.</p> |
| Серуеннен оралу | <p>Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау</p> | | | | |
| Гигиеналық шарала | <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;</p> | | | | |
| Гигиеналық шаралары. | <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;</p> | | | | |

| | | | | | |
|---|---|--|---|---|---|
| Ойындар, дербес әрекет. | Дидактикалық ойын: «Жемістер мен көкөністерді ажырат» | «Ойыншықтар әлеміне санхат» Тақырыбы: Ойыншықтарды жинау. Мақсаты: Балаларға ойыншықпен ұқыпты таза ойнауды айтып түсіндіру. Ойнап болған соң ойыншықтарды әдемі жинауды үйрету. | Саусақ ойыны: Саусағымда сақина Санап көрші көнеки 1,2,3 Бір, екі үш Демалайық жинап күш. | «Дидактикалық ойын» (Бұл не?) | Жұмбақтар шешу Аспай піскен, қайнамай түскен (жеміс) Жаздай інге тығылып, Жатқан қызыл түлкіні Құйрығынан суырып Әкелді атам бір күні.(сәбіз) |
| Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар. | Үстел-үсті ойыны: «Ғажайып қалта» ойыны (көкөністер мен жемістер) | Жеке баламен жұмыс: Мақсаты: жаттығуларды орындаудың алғашқы техникасын орындау ретін үйрету | Жеке баламен жұмыс: Мақсаты: заттардың көлемін, түсін және пішінін білдіретін сөздерді үйрету | Жеке баламен жұмыс: Мақсаты: ағаш, шөп, гүл сөздерін дұрыс қолдануға үйрету | «Шаптараз» сюжетті-рөлді ойынының Мақсаты: ойын желісін өздігінен дамыта білуді, тақырыбын келісіп алуды, рөлдерді бөлісе білуді қалыптастыруды жалғастыру. |
| Гигиеналық шаралар | Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; | | | | |
| Балалармен, ата-аналармен қарым-қатынас. Еркін ойындар. Балалардың үйге қайтуы. | «Бүгін біз не үйрендік?» ата-аналармен сұхбат жүргізу | Баланың дамуына ойыншықтардың тигізетін әсері. Қазіргі ойыншықтардың теріс әсері» | Жобаны таныстыру. Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. | Балабақшаға кешікпей келулерін ескерту. | Балалардың тазалығы жайлы әңгімелесу |